

Ауданың мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт үйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек беру туралы

### **Күшін жойған**

Ақтөбе облысы Үргыз аудандық мәслихатының 2009 жылғы 22 шілдедегі № 93 шешімі. Ақтөбе облысының Үргыз аудандық әділет басқармасында 2009 жылдың 10 тамызда N 3-5-102 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Үргыз аудандық мәслихатының 2012 жылғы 1 қарашадағы № 39 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Үргыз аудандық мәслихатының 2012.11.01 № 39 Шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95 "Бюджет кодексінің" 56-бабына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 66 "АгроОнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18-бабының 5-тармағына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТИ:**

1. Ауданың мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт үйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде әлеуметтік көмек белгіленсін.

2. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан бастап он күнтізбелік күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат  
сессиясының төраймы:  
А.Н. Жалдыбаева

Аудандық мәслихаттың  
хатшысы:  
M. Өтемұратов